

**Түркістан облысының білім басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің
«Т.Момбеков атындағы шағын жинақты
жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Тайқоңыр ауылы
2024 жыл**



CamScanner

Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы

Тайқоңыр ауылы

12 маусым 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 18-16/960 хатына сәйкес Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 59 бабының 4-1 тармағына сай 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Созақ ауданының білім бөлімінің «Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді.

Мектеп басшысы А.Омарқызының 2024 жылғы 17 мамырдағы №52 бұйрығымен өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде комиссия келесі құрамда бекітілді:

- 1.Омарқызы Айсұлу – комиссия төрағасы, мектеп директоры;
 - 2.Оракбаева Токжан Аяпбергеновна – комиссия мүшесі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
 - 3.Тікенов Дәурен Маратұлы – комиссия мүшесі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 - 4.Эшметова Эльмира Турсынбаевна – комиссия мүшесі, орыс тілі пән мұғалімі
 - 5.Қабланова Қаракөз Орынбаевна–комиссия мүшесі,информатика пән мұғалімі
- Култаева Ботагоз Турганбаевна - комиссия хатшысы

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымын бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білім беру ұйымының толық атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Коммунальное государственное учреждение "Малокомплектная общеобразовательная школа имени Т.Момбекова" отдела образования Созакского района управления образования Туркестанской области
Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер	
Облыстың атауы	Түркістан облысы
Қаласы/ауылы	Созақ ауданы, Тайқоңыр ауылы
Көшенің атауы	1 көшесі, № 41 ғимарат,
Пошта индексі мекенжайы	161007
Білім беру ұйымының сайтына сілтеме	https://mombekov-sozak.edu.kz/kz
Бірінші басшының аты- жөні	Омарқызы Айсұлу
Лауазымға тағайындау бұйрығы туралы	27.01.2021 ж. Түркістан облысы Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысының № 59 бұйрығы
Бірінші басшының байланыс телефондары (жұмыс / ұялы телефон)	8701 5589665 8 705 8560393
Бірінші басшының электрондық поштасы	director_aisulu_65@mail.ru
Құқық белгілейтін құжаттар	Жарғы Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің қаулысымен бекітілген 11.09.2023 ж. №1394-1959- КММ қайта тіркеу
Рұқсат беру құжаттары	29.09.2023 ж. № KZ49LAA00035112 білім беру қызметіне Лицензия
Білім беру қызметінің өзін-өзі бағалауы туралы есепті қалыптастыру негізі	Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу туралы 2024 жылғы 17 мамырдағы №52 бұйрық.
Есепті қалыптастыру күні	2024 жылғы 10 маусым



Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі білім беру 29.09.2023 ж. № KZ49LAA00035112 білім беру қызметіне арналған лицензияға сәйкес оқуды жүзеге асырады. Мектеп 1987 жылы салынған. 2023 жылы қайта тіркеуден өтті, оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізіледі

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

"Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес «Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу негізінде бәсекеге қабілетті, білімі терең, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» мақсатында жүзеге асыру алға қойылды.

Мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер анықталды:

1. Білім алу мүмкіндігіне жағдай туғызу
2. Білім алу үрдісін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету
3. Білім алушылардың, педагогтердің, білім сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру
5. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету
6. Мектепті цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтау.
7. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы рухани-адамгершілік құндылықтарға, ұлттық және мәдени дәстүрлерге, азаматтық-патриоттық санаға, салауатты өмір салтына сәйкес жүзеге асырылады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ мен ОҚЫТУ

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

1. Кадрлық құрамға талдау

Т. Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде ұлттық білім беру деректер қорына сәйкес 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарда жоғары білімді, мамандығы «Бастауыш сыныпта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» дипломы бойынша 1 тәрбиеші жұмыс атқарды.

Махмұтова А.Е.- Білімі жоғары, бітірген оқу орындары: 2009 жылы М.Дулати атындағы ТарМУ Қаратау көпсалалы колледжінің бастауыш білім беру мамандығы бойынша, 2016 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Педагогика және психология және әдістемесі» мамандығы бойынша.

2) Тәрбиеленушілер контингенті

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ.

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Сыныптар / жиынтық сыныптар	2023-2024	
	I жарты жылдық	II жарты жылдық
МАД сыныптар/1	13	11

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;

МДТО МЖМБС 4-тармақ 1) тармақша талабына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының» 1-қосымшасына сәйкестендіру жұмыстары бойынша: мектептің мектепалды даярлық сыныбына ұйымдастырылған оқу қызметінің (бұдан әрі-ҰОЖ) жұмыс оқу жоспары мен ҰОЖ кестесі Қазақстан

Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың (бұдан әрі – МДТО МЖМБС) 2 –тарау 4 тармағында көрсетілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес түзілді. Инварианттық бөлімнің "Денсаулық саласы" бойынша: дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері, "Қатынас саласы" сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, орыс тілі, "Таным саласы" математика негіздері, құрастыру, жаратылыстану, "Шығармашылық саласы" сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка, "Әлеуметтік орта саласы" өзін-өзі тану; қоршаған ортамен танысу білім беру салалары бойынша құжаттар жинақталды.

2) *білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;* Мектепалды даярлық сыныбының бекітілген білім беру қызметі МДТО МЖМБС-ның 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылғанын растайтын сабақ кестесі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарлардың және жылдық жұмыс жоспарлар ұсыныс талаптарға сәйкестендірілді,

3) *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;*

1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Білім туралы» Заң) сәйкес әзірленген және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттеріне сай мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі және денсаулығы қорғалған. Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасалған. Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз етілген. Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсетілген.

Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құрылған.

4) *баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (1 қосымша) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 және 17 тармақшасына сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді.

Т. Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады. Мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Баланың жеке даму жоспары, мониторингтер жасалған.

«Денсаулық сақтау дағдылары» бойынша

Гигиеналық талаптарды орнындай алады. Денешынықтыру барысында негізгі қимыл әрекеттерді өздігінен орындау, дербес қимыл белсенділігі жоғары тәрбиеленушілердің саны басым болып топтық жұмыстарда белсенділік танытады. Салауатты өмір салтын ұстану барысында негізгі қауіпсіздік қағидаттарын саналы түрде орындайды. Күн тәртібін сақтайды.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар бойынша

Тәрбиеленушілер қоғамдық ортада тәртіп ережелерін сақтап, сөйлесу барысында қарым- қатынас жасай алады, сыни тұрғыда өз пікірлерін жеткізетін және сөйлеу мәдениетін сақтап, сөздік қорларындағы сөздерді синонимдік, антонимдік алмастыруларды қолданады. Грамматикалық дұрыс сөйлеуге талпынады. Басым көпшілігі дұрыс мәдени сөйлей алады. Оқиғаларды құрастыру, кейіпкерлердің бейнелеу және олардың жағымды жағымсыз әрекеті туралы өз ойларын жеткізуі, ұйқас құрастыру мен кітаптарға қызығушылықтары, кейбір тәрбиеленушілерде кітапты оқи алатын дағдылары қалыптасқан. Сызу, сызба жолмен жазу, әріптерді жазу үлгісін меңгерген.

Танымдық дағдылар

Тәрбиеленушілердің заттың қасиеттерін бағдарлау барысында танып, түсінеді. Заттарды айырып қолданысын біледі. Қоршаған ортаны тану барысында олардың айырмашылықтарымен ұқсастықтарын, қажеттілігін, олардың мәніне қарай топтастыру, құрастыру барысында түрлі суреттермен құрастыру жұмыстарын меңгерген, танымдық қызығушылықтары жоғары. қарапайым грамматикалық фигураларды атай алады, сызу, суреттеу олардың басқа, кері және алға санауды меңгерген. Экологиялық мәдениеті түсіну барысында өсімдіктерге күтім жасау және табиғат бұрыштарына көіек беру мен күтуді игерген. Қарапайым заттарға эксперимент жасауды біледі. Алынға жаңа ақпараттармен бөлесе алады.

Шығармашылық дағдылар

Халықтық аспаптарға қызығушылықтары бар, билеу мен ән орындауға талпынатын, орындай алады, бейненің сипатын келтіре алатын, кейіпкерлерді ойнауда ұнататын, сәндік пен әсемдікке қызығатын оларды жасау мен жинақылық, тазалықты мән береді.

Әлеуметтік дағдылар

Қажетті жағдайда көмек сұрау, қол ұзын созып көмек бергенге алғыс айтуды біледі. Ересектер мен құрдастары қатар еңбек етуге, ортақ мақсатта жұмыс жасап,

нәтижесін талдауға бейімделген. Отанын сүйіп құрметтеу, туған жерін қадірлеуді біледі.

5) *тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (1 қосымша) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 тармақ талабына сәйкестендірілді.

б) *үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;*

Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері жасалды.

10. *Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: 1) МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.*

Мектептің мектепалды даярлық сыныптарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-қосымшасының 3-тарауына, (Жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 04.10.2023 № 303 бұйрығымен), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсан №557 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкестендірілді (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығы).

Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдері сақталған.



**Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі бойынша
мектепалды даярлық тобының 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары**

№	Білім беру салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	Сағат саны
1	Дене шынықтыру	3
2	Сөйлеуді дамыту	2
3	Көркем әдебиет	2
4	Қазақ тілі	2
5	Сауат ашу негіздері	3
6	Математика негіздері	3
7	Қоршаған ортамен танысу	2
8	Музыка	2
9	Сурет салу	1
10	Мүсіндеу	
11	Жапсыру	
12	Құрастыру	
	Барлығы	20

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ

Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін орта мектепте оқу жылының соңында (1-11 – сыныптар) білім алушылар контингенті 129 білім алушыны құрайды, 13 сынып жиынтығы бар, оның ішінде бастауыш мектепте - 55 білім алушы (4 – сынып жиынтық), негізгі мектепте – 53 білім алушы(6 – сынып жиынтық), жоғары сыныптарда – 21 білім алушы (3-сынып жиынтық). Мектеп бір ауысымда оқиды.

«Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп»КММ-нің топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/ сыныптар бөлінісінде)

2023-2024 оқу жылындағы оқушылар контингенті Білім деңгейі	Жобалық мүмкіндік	2023- 2024 оқу жылының I жартыжылдықтағы білім алушы саны	2023- 2024 оқу жылының II жартыжылдықтағы білім алушы саны
Оқушылар	300	133	129
1-4 сынып		57	55
5-9 сынып		54	53
10-11 сынып		22	21

Оқушылар контингенті жалпы 2023-2024 оқу жылының соңында 4 білім алушыға азайған.

2023-2024 оқу жылының ішінде 12 білім алушы мектеп есебінен шығып кетті, аудан мектептеріне 3, облысқа –4, республикаға-5. Оқу жылының ішінде келген балалар –8, оның ішінде ауданнан-4, облыстан-2, республикадан-2.

**« Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы
білім беретін мектеп» КММ бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
оқушылар контингенті**

Сыныбы	Оқушы саны		
	барлығы	қазақша	орысша
1 сынып	17/7	17/7	-
2 сынып	15/8	15/8	-
3 сынып	12/5	12/5	-
4 сынып	13/9	13/9	-
1-4 сыныптар	57/29	57/29	-
5 сынып	13/4	13/4	-
6 сынып	11/7	11/7	-
7 сынып	7/5	7/5	-
8 сынып	10/5	7/4	3/1
9 сынып	13/7	13/7	-
5-9 сынып	54/28	51/27	3/1
10 сынып	13/9	12/9	1/0
11 сынып	9/4	6/3	3/1
10-11 сыныптар	22/13	18/12	4/1
1-11 сыныптар	133/70	126/68	7/2

2023-2024 оқу жылында барлығы орыс-қазақ сыныптар комплектісі саны 13 сынып болды, оның ішінде 10 «Б» мен 11 «Б» сыныптары кіріктіріліп оқытылды, пәндер бойынша көркем еңбек пәнінен басқа пәндер бойынша топқа бөлініп оқытылмады.

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыру**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;

Шағын жинақты мектептегі білім беру процесі « Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар негізінде мектептің жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтары, мақсаттары мен міндеттеріне сай құрылған. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 04.10.2023 № 303 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкес білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері талапқа сай құрастырылып, бекітілген. Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы оқу жоспары және сабақ кестелері мектеп басшысымен бекітілген.

2) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұны игерілген.

Мектептің 2023 - 2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 04.10.2023 № 303 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

-«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен)

-«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту

туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруде 4 сынып жинақтарындағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлемі -95,5 сағат, инвариантты оқу жүктемесі-90,5 сағат, вариативті оқу жүктемесін 5 сағат құрады. Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 3058,5 сағат , вариативті – 169 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 3227,5 сағат.

1 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 19,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 18,5 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 6 сағат, «Математика және информатика» - 4,5 сағат, "Жаратылыстану» - 1 сағат, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» -3 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі - 198 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 148,5 сағат, "Жаратылыстану» - 33 сағат, «Адам және қоғам» - 33 сағат, «Технология және өнер» - 99 сағат, «Дене шынықтыру» -99 сағат. Вариативті компоненттің жылдық оқу жүктемесі – 610,5 сағат,вариативті оқу жүктемесі аптасына 1 сағат – 33 сағат. Барлығы –643,5 сағат.

2 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 22 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 9 сағат, «Математика және информатика» - 5 сағат, «Жаратылыстану » - 1 сағат, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» - 3 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативті компонент оқу жүктемесі 2 сағатты құрады. «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі - 306 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 170 сағат, "Жаратылыстану» - 34 сағат, «Адам және қоғам» - 34 сағат, «Технология және өнер» - 102 сағат, «Дене шынықтыру» - 102 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі – 748 сағат, вариативті компонент 68 - сағат. Барлығы – 816 сағат.

3 сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 25 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» -11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2 сағат, «Адам және қоғам » -1 сағат бөлінген, «Технология және өнер»-2 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат.

Вариативті компонент оқу жүктемесі 1 сағатты құрады. «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика» - 204 сағат, "Жаратылыстану» - 68 сағат, «Адам және қоғам» - 34 сағат, «Технология және өнер» - 68 сағат, «Дене шынықтыру» - 102 сағат. Вариативті компоненттің жылдық оқу жүктемесі – 850 сағат, вариативті компонент 34- сағат. Барлығы жылдық оқу жүктемесі– 884 сағатты құрайды.

4 сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 25 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2 сағат, «Адам және қоғам» - 1 сағат, «Технология және өнер» - 2 сағат, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативтік

компоненттік оқу жүктемесі 1 сағатты құрады. «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика» - 204 сағат, "Жаратылыстану» - 68 сағат, «Адам және қоғам» - 34 сағат, «Технология және өнер» - 68 сағат, «Дене шынықтыру» - 102 сағат. Инвариативті компоненттің жылдық оқу жүктемесі – 850 сағат, вариативті компонент 34- сағат. Барлығы жылдық оқу жүктемесі– 884 сағатты құрайды..

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес 5 сыныпта (1 сынып- комплекті бар) ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 28,5 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 28 сағат, вариативті оқу жүктемесі 0,5 сағатты құрады.

Бөліп оқытудың апталық жүктемесі 2 сағатты құрады: көркем еңбек пәніне бөліп оқытуға -2 сағат бөлінген.

6 сыныпта (1 сынып- комплекті бар) ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 28,5 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 28 сағат, вариативті оқу жүктемесі 0,5 сағатты құрады. Бөліп оқытудың апталық жүктемесі 2 сағатты құрады: көркем еңбек пәніне бөліп оқытуға -2 сағат бөлінген.

7 сыныпта (1 сынып- комплекті бар) ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 31,5 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 31 сағат, вариативті оқу жүктемесі 0,5 сағатты құрады. Бөліп оқытудың апталық жүктемесі 1 сағатты құрады: көркем еңбек пәніне бөліп оқытуға -1 сағат бөлінген.

8 сыныпта (1 сынып- комплекті бар) ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 32,5 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 32 сағат, вариативті оқу жүктемесі 0,5 сағатты құрады. Бөліп оқытудың апталық жүктемесі 1 сағатты құрады: көркем еңбек пәніне бөліп оқытуға -1 сағат бөлінген.

9 сыныпта (1 сынып- комплекті бар) ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 34 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 33 сағат, вариативті оқу жүктемесі 1 сағатты құрады. Бөліп оқытудың апталық жүктемесі 1 сағатты құрады: көркем еңбек пәніне бөліп оқытуға -1 сағат бөлінген.

Негізгі мектептің қазақ тілінде оқытылатын 6 сынып комплектінің апталық оқу жүктемесі тиісінше- инвариантты 152 сағат және 3 сағат вариативті оқу жүктемесін құрады. Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 5168 сағат, вариативті- 102 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 5270 сағат. Негізгі мектептің қазақ тілінде оқытылатын 6 сынып комплектінің бөліп оқытудың апталық оқу жүктемесі 7 сағатты құрады, жылдығы 238 сағат. Барлығы негізгі мектептің қазақ тілінде оқытылатын 6 сынып комплектінің жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 5508 сағатты құрады.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес 8 сыныпта (1 сынып- комплекті бар) ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 33,5 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 33 сағат, вариативті оқу жүктемесі 0,5 сағатты құрады. Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 1122 сағат, вариативті- 17 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 1139 сағат. Негізгі мектептің орыс, қазақ тілдерінде оқытылатын 7 сынып комплектінің апталық оқу жүктемесі тиісінше- 192 сағат инвариантты және 3,5 сағат вариативті оқу жүктемесін құрады.

Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 6528 сағат, вариативті- 119 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 6647 сағат. Негізгі мектептің орыс, қазақ тілдерінде оқытылатын 7 сынып комплектінің бөліп оқытудың апталық оқу жүктемесі 7 сағатты құрады, жылдығы 238 сағат. Барлығы негізгі мектептің қазақ,орыс тілінде оқытылатын 7 сынып комплектінің жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 6647 сағатты құрады. Жалпы білім беретін мектепте қазақ тілінде білім алатын 10 сыныптың 1 сынып комплектісі бар. Жаратылыстану-математика бағыты бойынша білім алатын 10 сыныпта ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі – 35 сағат, инварианты оқу жүктемесі – 32 сағат, вариативті оқу жүктемесі 3 сағатты құрады.

Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 1088 сағат, вариативті - 102 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 1190 сағат.

Жалпы білім беретін мектепте қазақ тілінде білім алатын 11 сыныптың 1 сынып комплектісі бар. Жаратылыстану-математика бағыты бойынша 11 сыныбында ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 35 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 32 сағат, вариативті оқу жүктемесі 3 сағатты құрады.

Жалпы білім беретін мектепте қазақ тілінде білім алатын 10,11 сыныптың ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 70 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 64 сағат, вариативті оқу жүктемесі 6 сағатты құрады. Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 2176 сағат, вариативті – 204 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 2380 сағат.

Жалпы білім беретін мектепте орыс тілінде білім алатын 10 сынып кіріктірілген 11 сыныппен қоса 1 сынып комплектісі бар. Жаратылыстану-математика бағыты бойынша білім алатын 11 сыныпта ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі – 34 сағат, инварианты оқу жүктемесі – 28 сағат, вариативті оқу жүктемесі 6 сағатты құрады. Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 952 сағат, вариативті - 204 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 1156 сағат.

Жалпы білім беретін мектепте қазақ, орыс тілдерінде білім алатын 10,11 сыныптың ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі 104 сағат, оның ішінде инварианты оқу жүктемесі – 92 сағат, вариативті оқу жүктемесі 12 сағатты құрады. Жылдық инвариантты оқу жүктемесі – 3128 сағат, вариативті - 408 сағат, жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 3536 сағат.

Жалпы білім беретін білім беру деңгейінде бейіндік оқыту жүйесінің дамуы 16-18 жастағы азаматтардың білімділік деңгейін, олардың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында мүмкіндіктерді кеңейтуге; жоғары сыныптағылардың мектептен кейінгі өмірлік жолды таңдауға бейімделудің негіздерін жасау, олардың кәсіптік мақсаттарын іске асыруға; еңбек нарығын кәсіби техникалық кадрлармен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге бағытталған.

Бейіндік оқыту жоғары сынып оқушыларының қызығушылығына, бейіміне және қабілетіне қарай сараланған білім беру негізінде ұйымдастырылады. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың мақсаты: - оқушылардың әлеуметтену мүмкіндігін кеңейтіп, Қазақстан азаматтарының сындарлы рөл ретінде базалық құзыреттер түріндегі білім беру жүйесінің ұлттық мақсаттарына жетуге мүмкіндік туғызу; жалпы орта білім берудің жеке оқу жоспарларын жобалау мен іске асыру мүмкіндігін, 10-11 сынып оқушыларының білім беру мазмұнын саралап жіктеу үшін нормативтік және ұйымдастырушылық педагогикалық жағдай жасау; -



оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеті мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамасыз ету; - жоғарғы кәсіби және орта білім деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ету.

10-11 сыныптардағы бейіндік оқыту инварианттық компонентке енгізілген базалық пәндер мен жаңа мазмұнды бейіндік пәндер есебінде және вариативтік компонентті (мектептік және оқушы компоненттері) пайдаланумен жүзеге асырылады.

Бейіндік пәндер оқыту бағыттарына байланысты сараланған түрде болды; инварианттық компонентке қосылған және олардың бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендері мемлекеттік деңгейде әзірленді; жаңашыл және тәжірибеге бағытталған қолданбалы мазмұнды қамтыды; Жаратылыстану-математикалық білім берудің мақсаттары: жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету; қоршаған әлемді түрлендірудегі математиканың, информатиканың, физиканың, биологияның, химияның және географияның рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру; оқытуды бейіндендіруге жағдай жасау және оқушыларды одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға даярлау.

ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

2023-2024 оқу жылында бастауыш 1 -4 сыныптарда вариативті компонент есебінен "Логика" пәні 1 жүргізілді.

1 сынып "Логика" пәні бойынша 1 сағат вариативтік компоненттері

2 сынып "Логика" пәні бойынша 1 сағат вариативтік компоненттері

3 сынып "Логика" пәні бойынша 1 сағат вариативтік компоненттері

4 сынып "Логика" пәні бойынша 1 сағат вариативтік компоненттері

5-сыныпта – "Жаһандық құзіреттілік" пәні бойынша 0,5 сағат вариативтік компоненттері

6-сыныпта –"Жаһандық құзіреттілік" пәні бойынша 0,5 сағат вариативтік компоненттері

7-сыныпта -"Жаһандық құзіреттілік" пәні бойынша 0,5 сағат вариативтік компоненттері

8-сыныпта –"Жаһандық құзіреттілік" пәні бойынша 0,5 сағат вариативтік компоненттері

9-сыныптарда –"Жаһандық құзіреттілік" пәні бойынша 1 сағат вариативтік компоненттері

10-сыныптарда- АЭТД, «Физикадан есептер шығару», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері бойынша 3 сағат вариативтік компоненттері

11-сыныптарда –«Физикадан күрделі есептерді шығару», «Математикалық жобалар», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері бойынша 3 сағат вариативтік компоненттері

Орыс тілінде оқытылатын сыныптар бойынша

11-сыныпта – «Кванттық физика және электродинамика», «Геоэкология және геополитика», « The English grammar », «Основы программирования информатики на языке Python», «Спорттық ойындар», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні

бойынша 6 сағат вариативтік компоненттері Оқу жылындағы сабақ кестелерінің көшірмелері, зияткерлік олимпиада жетістіктері жинақталған.

3) *Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;*

Қай кезеңде де қазақстандық қоғамда білім құндылығы жоғары дәріптелген. ХІХ ғасырдың ІІ жартысында ағартушы Ыбырай Алтынсарин балаларды оқу-ілімге шақырды. Ы.Алтынсариннің арқасында алғашқы қоңырау соғылды. Оның «Кел, балалар, оқылық!» өлені де жастарды білім алуға шақырып, оқу, өнер, ғылым – білімнің жалпы халық үшін даму жолы екендігін насихаттайды

«Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі» КММде білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мақсатында 1-6 сыныптар арасында «Мектебім –мейірім мекені» және 7-11 сыныптар арасында «Әділетті Қазақстан: сапалы ұрпақ, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыптар бойынша сынып сағаттары жүйелі түрде өткізілді.

А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған: «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» Тіл апталығының жоспары құрылды, апталықта 1-11 сыныптар арасында сағаты дөңгелек үстел, челлендж т.б ұйымдастырылып Байтұрсынұлының туған күніне арналған: «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді

Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында: «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс- тәсілдерін 5-11 сыныптар арасында жұмыстар жүргізілді

1-11 сыныптар арасында «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» акциясы насихатталды

«Спорт-денсаулық кепілі» спорттық ойынды дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Н.Н.Нурллаев пен Смайлов Д.Д 1-11 оқушылар арасында және спорт-денсаулық кепілі тақырыбында қыздар арасында волейболдан спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілерге жарияланды.

2023-2024 оқу жылының басында жол қауіпсіздігі, жолда жүріу ережесі туралы жол-көлік инспекциясымен бірлескен жұмыстардың іс шара жоспары құрылды, жоспар бойынша қыркүйек айының басында тәлімгер Кали Ж.Ж «Жолда жүру ережесі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Тәрбие жұмысының сынып сағатына 1-8 сыныптар арасында жолда жүру ережесі тақырыптары кіріктірілді

“Мектептің ішкі тәртіп ережесін, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы аясында 5-10 сынып оқышылары арасында “Толық адам ілімі” тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Біртұтас тәрбие жоспары аясында тоғыз айға тоғыз іс шара жобасы бойынша спорттық сергіту сәті челленджі тәлімгер Кали Ж.Ж ұйымдастыруымен өтті.

"Төрт тоқсанға төрт іс -шара" аясында «Салауат» пән бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық ойындары өткізілді. Оқушылар арасында эстафеталық ойындардан жарыстар ұйымдастырылды.

23 қазан күні ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай бастауыш сыныптарда сынып сағаттары өтті.

25 қазан Республика күніне орай «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысатын, ұлттық мұраға ұқыпты қарайтын ұлттық мәдениетті дәріштейтын ұрпақ тәрбиелеу мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен "Мәңгілік жаса -қыран елім Қазақстаным" тақырыбында сынып сағаттар өтілді. 25-қазан Республика күніне орай 1-4 сынып оқушыларының арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» атты сурет байқауы өткізілді. Байқаудың негізгі мақсаты көркем шығармашылық арқылы балаларға отан сүйгіштік сезімін қалыптастыруға және талғампаздыққа тәрбиелеу, өз отанын мақтан тұту сезімдерін қалыптастырумен қатар, рухани



ағартуға жағдай жасау. 25 қазан -Республика күніне" орай Қазақстан Республикасының рәміздері ту мен елтаңба дәріптеп,әнұран орындалды. 25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралар аясында "Қазақстан еліне саяхат" тақырыбында 5-10 сыныптар арасында эссе байқауы өтті.

Сонымен қатар қазан айында құқық айлығы болып жарияланып айлықтың жоспары жасалынып сынып жетекшілерге таныстырылды.

Күзгі демалыс күндеріне байланысты отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасын, ата -анасын, туған туысын бағалау, құриеттеу сезімдерін кеңейту мақсатында «Отбасындағы бір күн» тақырыбында челленджи видеороликтер түсірілді. Күз ханзадасы мен ханшайымы анықтау мақсатында қазан айының 26 күні бастауыш сыныптарда «Күз ханшайымы 2023»,5-7 және 8-10 сыныптар арасында " Берекелі,мерекелі алтын күз" тақырыбында күзгі бал мерекесі өткізілді.Іс- шара өз мәнінде өтті. Қазан айының соңында күзгі демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында іс шаралар жоспары жасалып сынып жетекшілерге таныстырылды.

Дұрыс тамақтану– денсаулық кепілі» тақырыбында үгіт насихат жүргізді. 1-11 сыныптарда «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып, денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге үйрету.

Біртұтас тәрбие жоспары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды мектеп партасында қалыптастыру бағытында адалдық сағаттары өткізілді. 5-8сынып “Біз адал ұрпақпыз”9-11 сынып «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыптарында адалдық сабақтары өткізілді.

Дүниежүзілік балалар күніне орай: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалар құқығының қорғалуы бойынша іс-шаралар ұйымдастыру

2023 жылдың 05 қараша күні Балаларға қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенция ережесіне сәйкес жыл сайын 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жою күндеріне байланыстыіс-шара жасалды.

«Балалар кітапханасы» «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында: Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай 8-11 сыныптарымен сынып жетекшілері танымдық сабағын өткізді

«Балалар кітапханасы» «Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында: Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған

Мектеп кітапханасында бұрыш ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын қолдау мақсатында мектеп ішілік жоспар құрылды

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2023-2024 оқу жылының басында Алматы облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын орындалуы туралы мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

9-10 сыныптар арасында еңбегі адал жас өрен жобасы аясында: «Сыбайлас жемқорлық – барша қоғамның жауы» тақырыбында сынып сабағын өткізілді.

Терроризм және діни экстремизмге қарсы іс қимыл: «Діннен адастырар теріс ағым» Сынып сағаты талқылау, пікір алмасулар болып өтті

Дін саласындағы ақпараттық ағартушылық жұмыстардың өзекті бағыттарының бірі-дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту шараларын жүргізу болмақ. Дәстүрлі құндылықтар-қазіргі зайырлы қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастарды реттеуші.



Тарих пәнінің мұғалімі Абишбеков А.А «Діннен адастырар теріс ағым» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында өз баяндамаларын оқыды және бейнероликтерді көрсетіп өтті. Өз баяндамаларында мемлекеттік идеологияның негізгі ұғымдары ретінде «зайырлылық» және «жоғары руханият» ұғымдары мектеп қабырғасынан бастап, балалар мен жасөспірімдер санасына орнықтырылуы қажет екедігін, н, дәстүрлі діндердің де рухани өнегелік құндылықтарға негізделгенін түсіну балалар мен жасөспірімдердің дінсіздік еместігін, зайырлы мемлекеттің жоғары рухани құндылықтарды негізге алатыны ірімдерді шектелушіліктен, дін туралы тар түсініктен, әсіресе діншілдік пен шетін (экстремистік және радикалды) көзқарастардан қорғауға, діннің формалық жағына емес, мазмұндық жағына мән беруіне септігін тигізетіндігін атап өтті.

Этикалық құндылықтарды дарыту тақырыбында 8-11 сыныптар арасында пікір таластас форматындағы сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағатының жоспары бойынша оқушыларға этикалық құндылықтарды дарыту. Ұлттық сана-сезім ұлт пен адам ретінде, жеке тұлғаның ұлттық сана — сезіміне өзінің ұлттық қатыстылығы туралы субъектіні таныстыру, өзінің этникалығын позитивті қабылдау, ұлттың тарихи өткеніне, оның бүгіні мен болашағына деген көзқарас, ана тілін меңгерудегі белсенділік, халық мәдениетін зерделеудегі белсенділік, ұлттық мүдделер мен құндылық бағдарларын ұғыну және қабылдау, басқа да этникалық қауымдастықтарға қарым-қатынасты қалыптастыру, оның аумақтық тұтастығын сақтауға дайындық, оның байлығын арттыруға ұмтылу кіреді туралы түсіндірілді.

8) *"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының игеруі;*

2021-2022 оқу жылында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы) «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылды.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсының оқыту:

1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында;

5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында;

–10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылды.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», «Дене шынықтыру» және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерімен байланыстыру қарастырылады, бұл білім беру курсының оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді.

9. *"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсының іске асыру*

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда сынып сағаттары есебінен – әр сыныпта 6 сағаттан; 5-8 сыныптарда осы оқу курсы сабақтан тыс уақытта, сынып сағаттары мен факультативтер есебінен – әр сыныпта 10 сағаттан жүзеге асырылады. Бұл курс 11 – сыныпта "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәніне біріктірілген.

Жыл сайын жол қозғалысы ережелерін іске асыру бойынша есеп жасалады, онда бастауыш мектепте, негізгі және жоғары мектепте өткізілген іс-шаралар тізбеленеді. Сонымен қатар фойеде және әрбір кабинетте "Қауіпсіздік профилактикасы" бойынша стендтер орналастырылған.

10.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі сақталған.

Әлеуметтік педагогтың оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу мақсатында жүргізілген жұмыстары аясында оқу жылының басында мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды. 2023-2024оқу жылында Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде жалпы оқушы саны - 0-11 сыныптарда - 140 Жалпы оқушы саны 1-11 сыныптарда - 128 Бастауыш сыныптар 1-4 - 55. Көп балалы отбасылардан шыққан балалар саны- 60. Жартылай жетім балалар саны – 7. Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Көп балалы отбасының саны - 36 . Қазіргі кезде мектебімізде 80 көп балалы отбасыдан шыққан балалар білім алуда. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ жартылай жетім және толық емес отбасынан шыққан балаларға жаңа оқу жылында қолдау көрсету мақсатында 1 тамыздан бастап жалпы Республика бойынша жыл сайынғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысу ұйымдастырылды. БК «Инкай»ЖШС 20 білім алушыға мектеп формасын берді Мектептің 4 мұғалімі 4 оқушыға құрал - жабдық алып берді. Ауыл кәсіпкерлері Сәулетова Аңсаған, Елеусізова Гүлдана, Шолпан 3 оқушыға мектеп құрал жабдықтарын алып берді.

1-4 сыныптар 53 білім алушы тегін тамақпен қамтылды. 2 білім алушы денсаулығына байланысты үйден оқытылды.

Жаңа жылда 2 білім алушы әкім шыршасына қатысты. АО «Волковгеология» 12 білім алушыға , «Оңтүстік тау- химиялық компаниясы» Бірлескен кәсіпорны» 10 білім алушыға сыйлықтар ұйымдастырды.

Қала сыртындағы лагерьге 4 білім алушы демалып қайтты.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған, білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкес құрылған. Дәлелдеме ретінде үлгілік оқу жоспарлары, сабақ кестелерінің көшірмелері қосымша жолданды.

2. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы Білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Сыныптардың жұмыс оқу жоспарларындағы, сабақ кестелеріндегі оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі, инвариантты және вариативті компонентті құрайтын оқу жүктемесінің көлемі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен белгіленген ҮОЖ сәйкес құрылып, апталық, жылдық оқу жүктемесінің көлемі сақталып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жасалған.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптардағы апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Жалпы білім беру сыныптары				Вариативті оқу жүктемесі	
	Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі		Инвариантты оқу жүктемесі			
	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1/1	19,5	643,5	18,5	610,5	1	33
2/1	24	816	22	748	2	68
3/1	26	884	25	850	1	34
4/1	26	884	25	850	1	34
Барлығы 4 сынып жиынтығы	95,5	3227,5	90,5	3058,5	5	169

Негізгі мектепте 2023-2024 оқу жылында апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық- сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары					
	Ең көп оқу жүктемесінің көлемі		Инвариантты оқу жүктемесі		Вариантты оқу жүктемесі	
Қазақ сыныптары	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5/1	28,5/2	969/68	28/2	952/68	0,5	17
6/1	28,5/2	969 /68	28/2	952/68	0,5	17
7/1	31,5/1	1071 /34	31/1	1054/34	0,5	17
8/1	32,5/1	1105 /34	32/1	1088 /34	0,5	17
9/1	34/1	1156/34	33/1	1122/34	1	34
5	155/7	5270/238	152/7	5168/238	3	102
Орыс сыныптары						
8/1	33,5	1139	33	1122	0,5	17
1	33,5	1139	33	1122	0,5	17
Барлығы қазақ-орыс 6 сыныптары	188,5/7	6409/238	185/7	6290/238	3,5	119

**2023-2024 оқу жылындағы жалпы орта білім беру сыныптарында
апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық- сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары					
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		Инвариантты оқу жүктемесі		Вариантты оқу жүктемесі	
	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
10/1	35	1190	32	1088	3	102
11/1	35	1190	32	1088	3	102
Барлығы 2	70	2380	64	2176	6	204
Орыс сыныптары						
11/1	34	1156	28	952	6	204
Барлығы 1	34	1156	28	952	6	204
Барлығы 3	104	3536	92	3128	12	408

